

Мектептегі №10 (196) мерекелер 2024 тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Мектеп мақтанышы – Әдемі Жамалбек	3
Д. Дүйсенбаева. Ана тілім – ардағым	4
А. Оралова. Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір	6
Г. Абишева, Р. Балыкпаева. Қазақтың салт- дәстүрлері.....	8
А. Баймуханова. Хореограф Гүлнар Бақытқызымен сұхбат	10
А. Алпысбаева. Еңбек етсең... ..	13
А. Далабаева. Күзгі думан	15
Д. Раймбекова. Тапқыр оқырман	18
Г. Габдешева. Ел рәміздері – ел рухы.....	21
Г. Райысқызы. Мен қаламды сүйемін	25
М. Дикамбаева. Қарты бар үй – қазыналы үй.....	28
Г. Қуаныш. Оқырмандар не дейді?	30
С. Таубаева. Ұстазым менің	32
А. Сқақова. Кітапханашының жұмысы – тың идеялар бастауы.....	35
А. Жукенова. Салт-дәстүрді білесің бе?	37
А. Кеншінбаева. «Менің атым Қожа»	39
Оқушылар шығармашылығы.....	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
31.10. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Мектеп мақтанышы — Әдемі Жамалбек

Әр сыныпта барлығына үлгі боларлық бір ерекше оқушы табылады. Алматы облысы, Іле ауданы №40 орта мектептің 4 "Д" сынып оқушысы Әдемі Жамалбек — сондай оқушы. Оның есімі өзіне сай, көркіне ақылы сай қыз.

Әдемі сабырлы мінезімен, әдептілігімен және алғырлығымен ерекшеленеді. Ол тек үздік оқушы ғана емес, сонымен қатар мектептің белсендісі. Сабақта мұғалімнің әрбір тапсырмасын ықыласпен тыңдап, тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды. Қазақ тілі мен әдебиетінен шығармашылық қабілеті өте жоғары, шығарма жазу, өлең жаттау сынды жұмыстардан ешқашан қалыс қалмайды.

Әрқашан көмекке дайын

Әдемі сыныптастарымен де жақсы қарым-қатынаста. Қандай қиын жағдай болмасын, достарына көмек қолын созудан жалықпайды. Өз сыныптастары оны сенімді дос әрі адал серіктес деп біледі. Әсіресе топтық жобалар кезінде оның ұйымдастырушылық қабілеті байқалады.

Домбырадан — Жеңіс Жолы

Әдемі үшін домбыра — тек ұлттық аспап ғана емес, үлкен жетістіктердің кілті. Ол бірнеше аудандық және қалалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Жұмысы мен өнерге деген құштарлығы оны әр сайыста же-

ніске жетелеп келеді. Әдемінің орындауындағы күй әрқашан тыңдарман жүрегіне жол тауып, қазылар алқасының жоғары бағасын алып жүр. Домбыра өнеріндегі жетістіктері оның табандылығының айқын дәлелі. Вокал, музыка мен би де Әдемінің күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналған. Ол мектеп пен шығармашылық кешеннің шараларына белсене қатысып, сахнада өз өнерін көрсетеді. Әдемінің би қимылдары көрерменді қуантса, вокалдық қабілеті оның шығармашылық қырын аша түседі.

Сурет салудағы шеберлігі

Әдемінің тағы бір таланты — сурет өнері. Оның салған картиналары байқауларда көзге түсіп, марапаттарға ие болды. Әдемі бояулар арқылы өз сезімдері мен ойларын жеткізіп, әрбір суретінде ерекше идеяны бейнелейді.

Болашаққа жоспарлары айқын

Әдемі болашақта дәрігер болуды армандайды. Адамдарға көмектесіп, олардың өміріне жарық сыйлауды мақсат еткен. Ол өзінің табандылығымен және еңбексүйгіштігімен бұл арманына міндетті түрде жететініне сенімді. Әдемі сияқты оқушылар — мектебіміздің мақтанышы. Оның бойындағы еңбеккорлық, мейірімділік және жауапкершілік әр оқушыға үлгі боларлық қасиет. Жарқын болашақ тілейміз, Әдемі

Ана тілім – ардағым

Мақсаты:

1. Оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету;

2. Тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту;

3. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіре отыра, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, бекеттер – топ аттары жазылған плакаттар, «Ана тілі – рухани даму негізі» кітап көрмесі, ұпай беретін таяқшалар, мадақтау қағаздары, презентация.

Абайдың әні оқушы домбырада орындайды.

1-жүргізуші:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минутымнан

Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,

Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

(С. Торайғыров)

2-жүргізуші:

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,

Туған тілім – анам тілі – өз тілім.

Туған тілім – далам тілі – өз тілім,

Туған тілім – адам тілі – өз тілім.

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар.

Туған тілім тіл болудан қалса егер

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар. (Д.

Әбілев)

1-жүргізуші:

Тағдырынды тамырсыздық індетінен қалқала,

Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,

Ғұмырына етер мәңгі астана,

Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,

Болу керек құдіретті төрт ана:

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,

Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі.

Және туған тарихы. (М. Шаханов)

2-жүргізуші: Тілім менің!

Ұлы Абай, Мұхтардай пірім менің.

Тұнығым, рухани жан азығым

Ол бүлінсе, менің де бүлінгенім.

Ана тілім, туған тілім, бал тілім

Сен арқылы дүние танып талпындым.

Сен арқылы әлемге аян бар ісім

Сен өмірде таусылмайтын алтыным.

Ш. Айтматов.

Мұғалімнің сөзі: Құрметті оқушылар, бүгін біз 2 топ: «Тапқырлар», «Зеректер» болып Қазақ тілі еліне сапар шегеміз. Алдымыздан көп бекеттер кездеседі. Ондағы тапсырмаларды орындаған топ мүшелері «Қазақ тілі елінің құрметті азаматы» атағын жеңіп алады.

Әділ қазылар алқасын таныстырайық.

1. «Қайырлы таң» бекеті. Екі топтың сәлемдесуі. Танысу.

2. «Үміт» бекеті. Мақал-мәтелдерді жалғастыр:

Шешеннің тілі ...

Бал тамған тілден ...

Ақыл көркі ...

Ана сүті ...

Жақсы сөз ...

Жақсыға сөз ілеседі ...

Тілін білмеген ...

Аяққа кісен салуға болар ...

3. «Қайрат» бекеті. Қызықты грамматика.

А) Мына сөздердің ішінен диалект сөздерді көрсет: доға, жәшік, қамыт, сұлтан, пиала, нән, зейнеткер.

Ә) Қай шылаулар дефис (-) арқылы жазылады?

-мен, -және, -ау, -да, -мыс, -ақ, -пен, -ды.

Б) Ұрсу, зекіру сөздерінің синонимі.

В) Мына суретке тұрақты сөз тіркесін жаз (бетіне оты шығу, көз қорқақ, қол батыр, ойыннан от шығу, ит өлген жер)

Г) Тілдік бөлшектерді үлкеннен кішісіне қарай ретімен жаз: текст, буын, дыбыс, сөз тіркесі, сөз, сөйлем.

Д) Әзіл сұрақтар:

Айнаға қай кезде өкпелеуге болмайды?

Қорқақ неден қорқады?

Тауық түс көре ме?

Қарғыстың ең жаманы не?

Тастың жеңілі бола ма?

Ауыз бен қолды қандай жерде тыю керек?

Қандай кілт аспанда болады?

Неменеге өкпелеп жүргенде не шықты?

4. «Ғалым» бекеті. Тест сұрақтары.

1. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?

А) 1987 ж. 17 қараша;

В) 1989 ж. 22 қыркүйек;

С) 1990 ж. 13 маусым;

Д) 1992 ж. 15 қазан;

Е) 1991 ж. 17 қыркүйек.

2. Тіл білімінің негізін салған кім?

А) Ш. Уәлиханов;

В) М. Жұмабаев;

С) А. Байтұрсынов;

Д) Ы. Алтынсарин;

Е) А. Құнанбаев.

3. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

А) хинди;

В) араб;

С) португал;

Д) испан;

Е) түркі.

4. «Ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте» деген өлең жолдарының авторы кім?

А) Қ. Мырзалиев;

В) Ә. Тәжібаев;

С) С. Торайғыров;

Д) М. Шаханов;

Е) М. Мақатаев.

5. Облысымыздың ақтаңгер ақыны С. Ғабдуллин атамыздың өлеңдер жинағы қайсысы?

А) «Жырлайды жүрек»;

В) «Дариға жүрек»;

С) «Сөйле, менің жүрегім»;

Д) «Асау жүрек»;

Е) «Өмір-өзен».

5. «Арман» бекеті.

Тұрақты сөз тіркестерінің мәнін аш:

Қас пен көздің арасында (лезде)

Қара қылды қақ жару (әділ)

Төбе шашы тік тұрды (шошыды)

Тайға таңба басқандай (анық)

Аузына құм құйылды (үндемеу)

Көзге түртсе көргісіз (қараңғы)

Тонның ішкі бауындай (тату)

Бет моншағы үзілу (ұялу)

Жарғақ құлағы жастыққа тимей (мазасыздану)

Күн тигізбей өсірген (мәпелеу)

6. «Дарын» бекеті. Шығармашылық.

Өлең, әңгіме құрастыру.

«Ең қымбат қазына».

7. «Шешен» бекеті.

«Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды.

Ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам атануға болмайды». С. Негимов пікірі. Сондықтан...

Жалғастыру...

Әділ қазылар алқасына сөз беріледі, топтарды марапаттап, мадақтау.

Қорытынды:

1-жүргізуші: Тіл – қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күй кеше береді.

2-жүргізуші:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өссе тілім мен де бірге өшемін.
(Ө. Тәжібаев)

Екеуі бірге қосыла: Кіршіксіз қардай сақтаңдар,

Қазақтың тілін ғаламат.

Ана тіл – арым, иманым,

Аманат, саған, аманат. (М. Әлімбаев)

Динара Қуандыққызы

ДҮЙСЕНБАЕВА,

№68 орта мектеп мұғалімі.

Астана қаласы.

Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір



Альпеш Кортановна ОРАЛОВА,

«№8 орта мектеп» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

Көкшетау қаласы,

Ақмола облысы.

Мақсаты: оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп, тіл көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғынуға баулу. Әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімін ояту, ұлттар арасындағы ынтымақты нығайту. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру.

Барысы:**1-жүргізуші:**

Әнұраным көкейде жатталады,

Сонымен бейбіт күнім басталады.

Шәмші атамның шығарған асқақ әні,

Әркімнің жүрегінде сақталады.

ҚР Әнұраны орындалады.

2-жүргізуші: Қайырлы күн! Құрметті ұстаздар, оқушылар мен қонақтар! Сіздерді Қазақстан халықтарының Тілдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

1-жүргізуші: «Сан ғасырлардан бері қазақтың кең даласына көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұрпақтары келіп орнығып, бір-бірімен тамыр, дос болып, тату-тәтті өмір сүріп келе жатыр. Дархан көңілді, кең пейілді қазақ халқы оларға құшағын ашты. Ата-бабамыздың осы үлгісі, өзге халықтардың баласын дініне, тіліне, түріне, ұлтына қарамай бауырға басқан төзімшіл, толеранттық мінез-құлқы бізге мұра болып қалды. Бұл – біздің тарихи қасиетіміз, өсіп-өр-

кендеуіміздің басты негізі. Осы бірлік пен достықты тереңдете білудің арқасында біз көп қиыншылықтарды жеңе білдік» деген болатын елбасымыз.

2-жүргізуші:

Елді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр.
Бірімен-бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Армян, татар, ұйғырлар.
Орыс пенен украин,
Терезесі тең жатыр.
Алатау Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр.
Бақыттың әні асқақтап,

Құлаққа даусы кеп жатыр, - деп өлең жолдарында айтылғандай, Қазақстан барлық мемлекеттермен тату-тәтті, достық қарым-қатынаста.

1-жүргізуші: Тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінде өзгеше орны бар бұл атаулы күн –Қазақстанда тұратын барлық ұлттар өкілдерінің ана тілдеріне құрмет көрсететін ортақ мейрам. Еліміз бен тіліміздің тұғыры асқақтай берсін!

2-жүргізуші:

Ана тілім – арайлы шапағатым,
Ана тілім – сәнім мен салтанатым.
Ана тілім – таудағы таза бұлақ,
Ана тілім – мәңгілік махаббатым.
Ана тілім – қазағым, қазақ тілім.

Ендеше, құрметті қонақтар, оқушылар! Тіл мерекесіне арналған «Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» атты сайысымызды бастаймыз!

Сіздердің алдарыңызда мектебімізде оқитын әр түрлі ұлт өкілдері өз өнерлерін көрсетеді (қазақ, орыс, татар, украин, ингуш)

1-жүргізуші: Бүгінгі ойынымыз негізінен 3 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең: таныстыру;
- 2-кезең: ән сайысы;
- 3-кезең: би сайысы;

4-кезең: ұлттық тағам және қолөнермен таныстыру.

Ал ендеше, бастайық!

2-жүргізуші:

Әділдікпен баға берер ұлттарға,
Әділдікпен қара қылды жаруға.
Әділ қазы алқаларын сайлайық
Өнерліні таңдап бүгін алуға

1-жүргізуші:

Өнер қуып сайыскерлер өтер деймін,
Бір басына өнері жетер деймін,
Бәске түскен сайыскерлер кезектесіп.
Таныстырып өздерін өтсе деймін.

1-кезең: Таныстыру

2-жүргізуші:

Қазақ жері кең, байтақ
Қазақ жұрты меймандос.
Қазақстан – ел ортақ,
Барлық жанға бауыр, дос.
Қазақстан – Отаным.
«Өз елім» деп атады.
Оны өкілі әр ұлттың.
Мұнда бірге тұрады
Орыс, неміс, татарлар
Мұнда тапқан тұрағын.
Ұйғыр, кәріс, балқарлар
Бір шаңырақ астында
Достық болған тірегі
Үлкен-кіші, жастың да
Бар мақсаты, тілегі.

1-жүргізуші: Ұлы Достық!

Жазира – өлке, гүл маусым,
Жасыл әлем, саған мәңгі нұр жаусын!
Қарсы алдыңнан тарқамасын тыңдау-

шын

Мың құбылтқан
Бұлбұл болсын жырлаушың!

2-кезең: Ән сайысы

2-жүргізуші:

Жүр барайық, ашайық ән арнасын,
Жырау толғап домбырасын қолға ал-
сын,

Дастархандар көзді тартып жайнасын,
Қыпша белді қыздар биден таймасын.

3-кезең: Би сайысы

1-жүргізуші:

Бірлігі мен ынтымағы халықтың,
Көгімізден жарқырайды жарық күн.
Ырыс, дәулет, бақыт үшін халықтың,
Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн.

Достық бізге тым ыстық,
Бірлік-байлық, ырыс-құт.
Жарқырасын күніміз,
Жаса-жаса тыныштық.

2-жүргізуші: 4-кезең: Ұлттық тағам және қолөнермен таныстыру, ал ендеше бастайық!

«Атамекен» әні орындалады.

Әділ қазылар алқасына сөз беріле-

ді. Мадақтамалармен марапатталады.

1-жүргізуші:

Қазақ жері – достықтың гүлстаны,
Дархан өлкем – мерейлі ырыс-бағы,
Күрестерде, еңбекте, мерекеде.
Мұнда сан ұлт қолдасып ту ұстады.

2-жүргізуші: «Тіл – достықтың құралы» дегендей, туған жер, туған тіл адамға қандай ыстық, қандай қымбат. Осымен Қазақстан халықтарының тілдер күніне арналған мерекелік іс-шарамыз аяқталды. Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!

«Қазақ елі» әні хормен орындалады.

Қазақтың салт-дәстүрлері

Мақсаты: оқушыларға халқымыздың игі дәстүрлерін, ізгі ниеттерін, инабаттылық, іскерлік дағдыларын, салт-дәстүрлері туралы түсінік беру. Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру; оқушыларды жан-жақты білімді болуға, салт-дәстүрлерді құрметтеуге, сақтауға, қонақжайлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

I жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар!

Бүгін «Дарын» аула клубында қазақтың салт-дәстүріне байланысты өтетін іс-шарамызға қош-келдіңіздер!

Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Ардақта дәстүрінді, салтыңды елім,
Мереке басы болсын берекенің,
Игі еңбектің жемісін бәрін жейік.

II жүргізуші:

Сәлем анам, алтын күн!
Сәлем қарты халқымның.
Уақытыма риза боп,
Бақытыма шалқыдым,

Ашық болсын күніміз!

Бай тұлғалы өңірде,
Айтылады жырымыз.

I жүргізуші:

Туғаннан соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмеген,
Жұрты айтады надан деп.
Ата-бабаң ардақты,
Жамандыққа бармапты.
Ардақ тұтып үлкенді,
Ата жолын жалғапты.

II жүргізуші:

Бауырласқан тәніміз,
Бұзылмасын салтымыз.
Кең даланың ежелгі,
Қазақ деген халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз.

I жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсен, менше сүй, - деп Абай

атамыз айтқандай, келесі кезекте «Көңіл толқыны» күйі.

II жүргізуші: Ана, біздің үйге қонақтар келіп қалды, соларды қарсы алайық!

- Амансыздар ма?
- Мал-жан аман ба?
- Төрге шығыңыздар!

Апа: Қонақтар шөлдеп келген болар қымыз әкелейік!

I жүргізуші:

Қымыз деген қазақтың,
Шипалы сусын шарабы.

Патшасы ол ақтың дәм тамағы.

Дастарханға қымыз, бауырсақ, құрт, ірімшік әкеліп қояды.

II жүргізуші: Ал, енді ауылдың алты ауызын айтайық.

«Көзімнің қарасы» әні орындалады.

Енді, көрермендерді кішкене сынға алсақ. Қазақтың қандай салт-дәстүрлерін білесіндер?

1. Балаға ат қою;
2. Бесікке салу;
3. Тұсау кесу.

Көрініс. Балаға ат қою. Бұл рәсім ұлағатты кісіге жүктеледі.

Әже: Мына немереме ата-салтымен ат қойғызып, бесікке салғалы жатырмыз. Бұл істі қонақ ретінде өзіңізге тапсырғалы отырмыз.

Қонақ: Бұл үлкен істі маған тапсырғанызға рахмет. Баланың есімі ұлы Абайдың атымен аталсын, атасындай данышпан болсын. Сенің атың Абай деп 3 рет қайталады.

- Иә, балам, бата беріп, бесікке салу рәсімін әжелерің жалғастырсын.

Немерелеріңіз Алланың сүйікті құлы болсын!

Халқымыздың қадір тұтар ұлы болсын. Ақындардың жырлайтын жыры болсын.

Аспанымыздың күндей нұры болсын.

Әже: Ал, енді кішкентай Абайжанды

бесікке салайық. Мынау баланың көрпесі, жергөк, түбек, жастықша, шүмек. Жастықтың астына немерем сымбатты болсын деп айна, тарақ салып отырмыз. Бәле-жаладан сақтасын деп отпен аластайды.

- Келінжан, нәрестені әкеле ғой. Осы немерем дүниеге келгенде көршіме бесікке салдыру ойымда еді. Ал, замандас, немеремді бесікке салуды сізге тапсырамын.

Бесік жыры:

Мойнымдағы тұмарым,

Тарқамайтын құмарым.

Тағдыр берген алсын деп,

Ақ бесікке салайын.

Бесігіңе жата ғой,

Балам жатсын бесікке,

Пәлесі қалсын есікте.

I жүргізуші: Балаға қатысты рәсімнің бірі – тұсау кесу рәсімі. Бұл бала жүре бастаған кезде жасалатын ырым. Тұсау кесуге адам таңдайды. Тұсауды ала жіппен кеседі. Ол біреудің ала жібін аттамасын деген ниетте жасалады. Тұсау кесер жырлары айтылады.

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Тақымынды жаз балам,

Қадамына қарайық,

Басқаныңды санайық! - артынан шашу шашады.

II жүргізуші: Қазақта мынандай сөз бар. «Келгенше қонақ ұялады, келген соң үй иесі ұялады», - демекші, сіздерден енді келген қонақты дұрыс қарсы алып, шығарып салады деген ойдамын.

**Гульсара Мухамедяровна АБИШЕВА,
Райгуль Мукановна БАЛЫКПАЕВА,
ҚМҚК «Аула клубтар қауымдастығы» педагог-ұйымдастырушылары.**

**Семей қаласы,
Абай облысы.**

Хореограф Гүлнар Бақытқызымен сұхбат

Би – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл – бимен бейнелеу көне дәуірдегі өмір талабынан туды.

Келе-келе би қимылдарының мәнерлеу мүмкіндігі мен тәжірибенің молаюына орай жеке би өнері қалыптасты. Көне мәдениеттер ордасы болған Шығыс елдерінде билеу мәдениеті шеберліктің биігіне жетті.

№1 Абай атындағы қалалық кітапханада Еңбек күніне орай ҚР Еңбек сі-

ңірген қызметкері, қосымша білім беру педагогы, «Еңлік» үлгілі би ансамблінің көркемдік жетекшісі, хореограф Байділдинова Гүлнар Бақытқызымен сыр-сұхбат өтті.

Оқырмандарға зейнеткер ұстаздың еңбектерімен таныстыра отырып, ол туралы мол мағлұмат берілді. Сондай-ақ, ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру, ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеуде

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы.



Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы, - деген Ғафу Қайырбеков ақынымыздың өлең шумақтары бүгінгі қонағымыз Гүлнар Бақытқызына арналды. Ұстазымыз бірталай жылдар бойы қызмет жасай отырып, шәкірттерімен талай додалардың биік шыңын бағындыра білді. Мінекей, осындай ұлы тұлға ардагер ұстазымызбен «Би өнері – әлемнің елшісі» тақырыбында сыр-сұхбат өткізілді. Сұхбатымызды бастамас бұрын қонағымыздың өмір жолына арналған бейнебаян көрсетілді.

Гүлнар Бақытқызы Байділдинова 1962 жылы Ақтөбе облысында қарапайым отбасында дүниеге келген. 1968 жылы қаладағы №14 мектеп табалдырығын аттаған. Гүлнар мектеп қабырғасында жүріп-ақ спорттық гимнастика, би үйірмелеріне қатысып үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 1979 жылы «Әлия гүлі» халықтық би ансамбілінде өнер көрсетіп, кейіннен 1980 жылы мектеп бітіріп «Жастар халықтық» билер ан-



самблінде Ящук Виктор Василиевичтен тәлім алды. Аяқ алысынан ақ шеберлігі білініп, қалықтаған ширақ қимылы сұлу қыз университет қабырғасында жүріп қоғамдық шараларға белсене қатысып, студенттерге би үйірмесінен сабақ берді. 1984 жылы тұрмысқа шығып, бүгінде бір ұл, бір қыздың аяулы анасы, Қаңтарбаев Беріктің ардақты жары. 1992-2017 жылдар аралығында қалалық оқушылар сарайында өзінің алғашқы еңбек жолын бастап «Искркей» ансамбліне балетмейстер «Еңлік» фольклорлық тобына жетекшілік етті. 1992-93 жылдары Мәскеу мемлекеттік өнер университетіндегі Игорь Моисеевтің, 2000 жылы Алматы қаласындағы Селезнев училищесінде шеберлік сағатымен семинарларға қатысып өзінің біліктілігін арттырып, хореографиялық ұжымның жетекші мамандығы бойынша Мәскеуде білім алды. 1996, 2002, 2006, 2012, 2015, 2016 жылдары Ақтөбе облыстық білім





басқармасының, қалалық білім бөлімінің, қалалық, облыс әкімдерінің, мәдениет басқармасының «Құрмет» грамоталарымен және «Алғыс» хаттарымен марапатталды. 2002 жылы Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгісін алды. 2006 жылы «Күншуақ» қосымша білім беру педагогтарының Республикалық байқауының жүлдегері. 2014 жылы қосымша білім беру педагогтарының «Алтын қоры», 2017 жылы Шығармашылық Академиясы қосымша білім беру педагогы және «Еңлік» үлгілі би ансамблінің көркемдік жетекшісі болып қабылданды. Республикалық және Халықаралық байқаулар мен фестивалдерге лауреат дайындағаны үшін дипломдармен және алғыс хат-

тармен марапатталды. Тәрбиеленушілердің жұмыс нәтижелерін көре отырып жас хореограф педагогтарына өз тәжірибелерімен бөлісуде. Біліктілігі жоғары санаты педагог, еңбек өтілімі 30 жыл.

Шарамызды Шығармашылық Академиясының домбыра үйірмесінің жетекшілері Теңел Омаров пен Нұртай Қайыржан «Туған жер» әнін екі дауыста шырқап әсем ән шашуларымен ашты.

Гүлнар Бақытқызы, айтыңызшы, ең алғаш би өнеріне қалай келдіңіз?

- Сіз облыс бойынша хореографиядан танымал ұстазсыз, сізге оқушылар көптеп жиналады. Сұранысқа иесіз, нәтижесінде республикалық, халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы болдыңыз. Мұның сыры неде?

- Еліміздегі би саласының даму деңгейіне қандай баға бересіз?

- Сіздің ойыңызша, би деген не? Олар несімен ерекшеленеді? - деген түрлі сұрақтарға қонағымыз қызықты ғылып әңгімелеп көрермендерге жеткізе білді.

Талай додаларда топ жарған, халықаралық, республикалық конкурс, фестивалдарда өнер көрсетіп жүрген үлгілі «Еңлік» би ансамблі «Еңлікгүл» биін билеп берді.

Шарамыздың соңына қарай жас домбырашылар Алишер Бейжігіт Нұрпейіс Байғаниннің «Еңбек термесін» орындаса, ал Қазбек Хамитов Мұхиттің

әні «Көк айдай» әнін шырқап берді.

Би – еркіндік белгісі. Бидің де өзі үні, өз тілі болады. Би де талғамды қажет етеді. Тілмен түсіндіре алмайтын жайтты бимен жеткізуге болады. Бүгінгі тамаша кештің куәгерлері болған баршасына алғыс білдіре отырып, Гүлнар Бақытқызына сырлы сұхбатына рахмет айтып, еңбегіне жеміс пен шығармашылық табыс тіледік!

**Алия Амантайқызы
БАЙМУХАНОВА,**

**№1 Абай атындағы қалалық кітапхана меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Еңбек етсең...

Мақсаты: Оқушылардың «еңбек» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- еңбекқор мен еріншек туралы түсінік беру;
- еңбекке қызығушылықтарын арттыру;
- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

Сабақтың барысы:

Бүгінде ұялы телефондарсыз жұмыс істеу, істі бітіру мүмкін емес. Қазір екінің бірінің қолында ұялы телефон. Жас та, кәрі де бір-бірімен телефонды құлаққа тосып, күндіз-түні сөйлесумен болады. Бұрын ұялы телефон дегенді тек қана қалталы азаматтардың қолынан көретін болсақ, осы күні титтей балалардың да қолынан түспейтін ойыншыққа айналған. Оны айтасыз, алыстағы ауылдарыңыздың өзінде

«соткасыз» үй жоқ. Ал енді екінің бірінің қолында, жамбасында, қалтасында, сөмкесінде, кеудесінде жүрген осы «сотка» дегеніңіз адамға қаншалықты зиян екенін білмейді осы балалар. Бұларды мен соткадан біраз ажыратайын.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімесімен бастайды.

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның ұсағы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесе тістеген шөбі бар. Сонда атасы айтты:

- Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған әбірет. Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң, өзіне азық етуге. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның ұсағын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, - деді.

Оқушылардың еңбекқорлық пен еріншектік туралы түсініктерін білу мақсатында әңгімелесу сұрақтары:

- Еңбектену адамға не үшін қажет?
- Еңбекқорлық адамды тағы қандай қасиеттерге баулиды?
- Өзіңді еңбекқормын деп санайсың ба?

Түйіндеу

Еңбекқор адам айналасына да сыйлы, беделді болады. Еңбекқорлық адамды шыдамдылыққа, табандылыққа, ұқыптылыққа, мақсат қоюға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге және шығармашылыққа жетелейді.

Ойын: «Жасырын сөз».

(Жасырын сөз «Еңбек – ер атандырады»).

- Балалар, қандай сөз шықты? Бұл сөз қандай мағына береді?

(Балалардың пікірін тыңдау).

Негізі көп ел ерлік соғыста жасалды деп ойлайды. Бірақ бейбіт еңбекте ер атанған адамдар аз емес. Мысалы: Атақты күрішші Ыбырай Жақаев, атақты шопан Жазылбек Қуанышбаев, механизатор Кәмшат Дөненбаева, т.б. еңбек ардагері бар. Мұның бәрі «еңбек – ер атандырады» деген сөзімізге мысал бола алады. Біздің әрқайсымыздың адал еңбек етіп, ер атануға мүмкінді-

гіміз бар. Ол үшін жақсы оқып, еңбек сүйгіш болып өсуіміз керек. Еңбектің бағасын біліп, қастерлей алуымыз керек.

Мақал – сөздің мәйегі.

Балалар мақал-мәтелмен бір-біріне доп лақтыру арқылы жарысады.

«Адам болам десеңіз» Абай атамyzдың өлеңі оқылады.

Ертегі еліне саяхат.

Абай атамyzдың аудармасы «Шегіртке мен құмырсқа» (көрініс)

Қорытындылау:

Еңбек етпеген ішіп-жемейді.

Еңбек етпесең елге өкпелеме,

Егін екпесең жерге өкпелеме.

- Сонымен, балалар, еңбек етпеген адам еш нәрсеге де қол жеткізе алмайды екен, сондықтан да ерінбей, жалқау болмай, еңбек етсек, міне сол еңбегіміздің жемісін жейміз. Біздің ең бірінші еңбегіміз ол – біліміміз. Көп оқып, тәртіпті болып, сабақты жақсы оқысақ, болашақта жақсы оқу орындарына түсіп, сол оқудың, білгеннің арқасында еңбегіміздің жемісін жейміз. Сондықтан тек білімді болып денсаулығымызды күтіп, алға қойған мақсатымызға жетуге тырысуымыз керек.

Сұрақ-жауап. Не үйрендің? Не түйдік?

Адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. Осымен «Еңбек түбі – береке» атты ашық тәрбие сағатымыз аяқталды.

А. АЛПЫСБАЕВА,

«Облыстық арнаулы әлеуметтік

қызметтерді қажет ететін

балаларды қолдау

орталығы» КММ тәрбешісі.

Алматы қаласы.



Күзгі думан



Айнұр Темірбекқызы ДАЛАБАЕВА,
№5 бастауыш мектебінің тәлімгері.

Қосбұлақ ауылы.

с. Шетпе,

Маңғыстау ауданы,

Маңғыстау облысы.

Мақсаты: оқушыларға табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру, табиғатты сүйуге, бағалауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, әдемілікті түсіне, көре білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, сөздер жапырақтар, шарлар, т.б.

Барысы:

Тәлімгер: Тамылжып тұр Отанның «Алтын күзі»

Сәл ғана салғырт тартқан жердің жүзі.

Табиғат картасынан қазір көшкен,

Жаздың да жасырынбай жатыр ізі.

Көрдің бе секілді бір жасыл барқыт,

Бергендей бар бояуын түгел сарқып.

Көтеріп күздік егіс көк қанатын,

Құлпырған қырға жібек кілем тартып.

- Құрметті ұлағатты ұстаздар, оқушылар, ата-

-аналар! Берекелі де, мерекелі алтын күз мерекелеріңіз құтты болсын! Табиғаттың әр мезгілінің де адам өміріне маңызы зор. Әр жыл мезгілін қазақ ерекше тойлай білген.



Мәселен, көктемде – Наурыз мейрамы, қыста – Жаңа жыл мерекесі, ал күзде – Сабан той жасаған. Қырман толып, халқымыздың ырысы артатын берекелі ай. Олай болса осы жақсы дәстүрлердің жалғасы болатын, бастауыш сынып оқушылары арасындағы «Күзгі думан» сайысына қош келдіңіздер. Бүгінгі байқауымыздың негізгі мақсаты оқушылардың эстетикалық талғамын арттырып, өнерге, еңбекқорлыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Ендеше, сайысымызға қатысатын үміткерлерді қошеметтеп ортамызға шақырайық.

Сайысымыздың шарттарына тоқталып өтсек:

1. Таныстыру (топ аты, төс белгі және өздеріне жеке тоқталу);
2. Өнерлі өрге жүзер екі тапсырмадан тұрады.
(1. Өлең оқу. 2. «Күз» туралы шығарма ішінде 1-2 шумақ өлеңімен);
3. «Күз» туралы постер. Осы жерде оқушылар күзгі көріністі бейнелейді;
4. Ханзада мен ханшайымды таныстыру (өнері, киім үлгісі);
5. Оқушылардың үйден дайындаған суреттерін бағалау;
6. Пародия (әншілерді көрсету);
7. Сән үлгісі (2 оқушы);

8. Сұрақ-жауап бөлімі.

Сайысты сарапшылар бағалайды.

Тәлімгер:

Құрметті көпшілік көрерменім,

Жақсылыққа әрдайым артқан сенім.

Ақ жол тілеп үкілі үміттерге,

Таныстыру шартына кезек бердім.

Үміткерлерімізді өз-өздерін таныстыру үшін ортаға шақырайық.

1-кезең. Таныстыру. (Әр топ



өз тобын, төс белгілерін және жеке өздерін таныстырады).

Сарапшылар бағасын берсе.

Тәлімгер:

Қанаттанса балапан,

Қалайша ол ұшпайды.

Әрбір қыз бен әр бала,

Өнерліге ұқсайды, - дей келе, «Өнерлі өрге жүзер» деген атпен **2-кезең** оқушылардың дайындаған күз туралы шығармасына тоқталып, кез келген бір өлеңге кезек берсек.

Ұпай сандарын көрсетсеңіздер.

Тәлімгер:

3-кезең «Күз» туралы постер. Оқушылар күз көрінісін ашып көрсетсе.

Оқушылар постер дайындағанша 1-сынып оқушыларының биіне кезек берсек.

«Аққу биі» орындалады.

Постердің бағасын берсеңіздер. Қай топ жақсы салып, оны ойдағыдай қорғай білді екен.

Тәлімгер: 4-кезеңіміз.

Күз келіп хан мен ханшайым,

Өткізді күзгі бал айын.

Ханшайым тапқыр қыз болды,

Ал, ханымыз ақылды,

Би де билеп, ән айтып,

Қуаныштан шалқыды, - дей келе, ханзада мен ханшайымға кезек берсек.

1-топ, 2-топ, 3-топ.

Сарапшылар бағаласа.

5-кезең: Оқушылардың дайындап әкелген суреттерін бағалау.

6-кезең:

Асыл тастан, өнер жастан,

Шығады деп дарынды.

Сол шындықты күнделікті,

Көріп жүрміз өмірден.

Пародияны тамашалайық.

Тілекші боп көңілден дей келе пародияға кезек берсек.

Әділдікті жақтаған әділ қазылар бағасын берсе.

Тәлімгер: Арулар неткен сымбатты,

Ғажайып нұрға бөленген.

Алтын күнге үн қатты,

Сәнді киім түрімен, - деп сайысымыздың **7-кезеңі сән үлгісіне** кезек берелік.

Сарапшылар бағасын берсін.

8-кезең: Сұрақ-жауап кезеңі деп аталады. Ол сұрақтарды бізге Назгүл апайымыз әр сыныпқа жеке-жеке қойғысы кеп отыр.

Сұрақтардың жауабына қай топ жақсы жауап айтты екен, оны әділ қазылар айтса.

Тәлімгер: Өнерлерің шындалсын қалыспандар,

Келешекте әлі талай сайыстар бар, - дей келе, бүгінгі «Күзгі думан» сайысына қатысып отырған топтар бірінен-бірі асып түсіп жатыр, ендеше сол топтарды марапаттауға кезек берсек. Және бүгінгі күннің нағыз ханзадасы мен ханшайымын бағаласақ.

Сарапшылар ұпай санын есептегенше әнге кезек берсек.

Әділ қазылар оқушыларға әділ бағасын берді.

Ұстаздар, оқушылар, ата-аналар! Оқушыларымыз биік шындарды бағындырып, қонар тұғырлары биіктей берсін дей отырып бүгінгі «Күзгі думан» атты сайысымызды осымен аяқтаймыз. Тамашалағандарыңызға рахмет.

Тапқыр оқырман

Мақсаты: туған тілімізді сүйуге, туған елін, жерін құрметтеуге, жан-жақты білімділікке, кітапқұмарлыққа баулу.

Түрі: сайыс.

Кітапханашы: Бүгінгі мектеп кітапханасында өткелі отырған «Тапқыр оқырман» атты сайысымызға қош келдіңіздер! Енді сайысқа түскен оқырмандарды ортаға шақырайық. Міне сіздердің сайысқа түсер сәттеріңіз де келіп жетті. Оқырмандарымыздың білім деңгейін бағалар әділ қазылар алқасын таныстырып өтуге рұқсат етіңдер.

Әділ қазылармен, топтың атымен таныстыру. Сайысымызды бастамас бұрын кезеңдермен таныстырып өтейік.

Сайыс 8 турдан тұрады:

1-тур. Сөз тапқанға...;

2-тур. Ойлан, тап;

3-тур. Кітап туралы мақал-мәтелдер айту;

4-тур. Сен білесің бе? Сұрақ-жауап;

5-тур. Тапқыр болсаң, тауып көр;

6-тур. Кітапқа алғашқы көмек;

7-тур. Сөзжұмбақ шешу. Кітапхана. Балдырған;

8-тур. «Оқылған кітаптар бойынша тест».

1-тур. Сөз тапқанға.

1-топтың сұрақтары: 1. Кітап не үшін керек? 2. Қай тілде сөйлеуге болады? 3. Мұғалім нені үйретеді? 4. Сіздің жасыңыз нешеде? 5. Бесік жырын кім айтады? 6. Мұғалім екі қоя ма? 7. Сізге қандай ұстаз ұнайды? 8. Мақал-

мәтел айт. 9. Үлкенді қалай сыйлайсыз? 10. Қар қашан жауады? 11. Ұстазға қандай гүл сыйлайсыз? 12. Сүйікті тамағыңыз?

2-топтың сұрақтары: 1. Балмұздақ ащы бола ма? 2. Сен кімсің? 3. Ақын-жазушының есімі. 4. Алда сені не күтіп тұр? 5. Қандай жеміс-жидектерді жақсы көресің? 6. Қай жерің ауырып тұр? 7. Қандай үйде тұрасың? 8. Сүйікті түсің қандай? 9. Қандай жануар ұнайды? 10. Бүгін қандай күн? 11. Мектепке немен келдің? 12. Қандай кітапты жақсы көресің?

2-тур. Ойлан, тап.

Кітапхана сөзіне ең көп мағыналы сөз шығару. (3 мин)

3-тур. Кітап туралы мақал-мәтелдер айту.

4-тур. Сен білесің бе? Сұрақ-жауап.

1-топқа: 1. Мемлекеттік тудың, көк байрағымыздың авторы кім? (Шәкен Ниязбеков);

2. Елтаңбаның ортасында не орналасқан? (Шаңырақ);

3. Сәби дүниеге келгенде болатын той. (Шілдехана);

4. Кітапты жазған жазушыны кім деп атайды? (Автор);

5. Қандай балалар жазушыларын білесіңдер? (Б. Соқпақбаев, Ө. Тұрманжанов, М. Әлімбаев);

6. Оқулық беретін орын? (Кітапхана);

7. Қазақтың үш биін ата. (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би);

8. Білім күні қашан? (1 қыркүйек);

9. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр қыздарды ата. (Ә. Молдағұлова, М. Мәметова);

10. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан).

2-топқа: 1. Кітап ішіндегі өзімізге ұнаған әңгімені қалай тез тауып алуға болады? (Кітап мазмұнына қарап);

2. Балаларға арналған қандай газет-журналдарды білесіңдер? («Айгөлек», «Балдырған», «Ұлан», «Бала би», т.б.);

3. Елімізде тіл мерекесі күнін қашан тойлаймыз? (22 қыркүйек);

4. Оқушының алғашқы кітабы. (Әліппе);

5. Фамилиясы бірдей қандай қазақ ақын-жазушыларын, қоғам қайраткерлерін білесің? (Қасым Аманжолов, Сәрсен Аманжолов, Тұманбай Молдағалиев, Жұбан Молдағалиев);

6. Адамдардың бір-бірімен түсінісу құралы (тіл);

7. Кітап кім үшін жазылады? (Оқырман үшін);

8. Абайдың неше қарасөзі бар? (45);

9. Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті кім? (Н.Ә. Назарбаев);

10. Қазақтың музыкалық аспабы. (Домбыра).

5-тур. «Тапқыр болсаң, тауып көр». Ақын-жазушылардың шығармаларынан үзінді оқылады, оқушылар атын, авторын айтады.

1-топқа: Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.

(«Құлақтан кіріп бойды алар». А. Құнанбаев)

Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,

Ұранға «Алаш» деген атты аламын.

Сүйгенім қазақ өмірім, өзім қазақ,

Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

(«Мен – қазақ». Сұлтанмахмұт Торайғыров)

Өнер-білім бар жұрттар,

Тастан сарай салғызды.

Айшылық алыс жерлерден,

Көзінді ашып-жұмғанша

Жылдам хабар алғызды.

(«Өнер-білім бар жұрттар». Ы. Алтынсарин)

2-топқа: Бүгін менің туған күнім.

Ой, бәле-ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?!

Банкет жасап берер едім өзім-ақ,

Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны-ай.

(«Арыз жазып кетейін». М. Мақатаев)

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

(«Жазғытұры». А. Құнанбаев)

Уа, туған жер, топырағыңнан жаралдым,

Алабыңнан арманым нәр алдым.

Тұнығыңнан жүзіп іштім сендегі,

Алтын арай таңғы жұпар самалдың.

(«Туған жер». Әбу Сәрсенбаев)

6-тур. «Кітапқа алғашқы көмек»
бұнда жыртылған кітапты тез арада түптеп шығу керек. Кім бірінші бітірсе, сол жеңімпаз болады.

Ән орындалады.

7-тур. Сөзжұмбақ шешу. «Кітапхана»

А	й	г	ө	л	е	к					
						і	м				
						т	ө	л	е	б	и
						а	б	а	й		
				ш	о	п	а	н	а	т	а
к	і	т	а	п	х	а	н	а			
						а	қ	қ	у		
				ұ	л	а	н				
						а	т				

- «Кел балалар, оқылық» кімнің өлеңі?
а) А. Құнанбаев; ә) **Ы. Алтынсарин**; б) М. Әуезов.
- Ертегі еліндегі ең жеңіл кейіпкер кім?
а) Ер Төстік; ә) **Қанбақ шал**; б) Қоян.

Қорытынды. Сайысты әділ қазылар алқасы қортындылайды. Жеңіп шыққан топты марапаттау.

**Данекер РАЙМБЕКОВА,
«№15 орта мектебі» КММ
кітапханашысы.
Талдықорған қаласы,
Жетісу облысы.**



Ел рәміздері – ел рухы

Сабақтың барысы:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті оқушылар және сабағымыздың қонақтары.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан мемлекет. Жер көлемі – 2724,9 мың км². Қазақстан жер көлемі жөнінде дүние жүзі бойынша 9-орынды иеленді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялағаны белгілі. Кез келген мемлекеттің басқалардан ерекшелеп тұратын нышандары болады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Гимні» делінген. Сондай-ақ осы заңның 34-бап, 2-тармағында «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті», - делінген «Ел рәміздері – ел рухы» атты тарбие сағатын бастауға рұхсат етіңіздер.

Негізгі бөлім.

Оқушыларды 2-топқа бөлу. 1-топ. **Туған жер;** 2-топ. **Атамекен.**

1-топтың сұрақтары:

Қазақстан Республикасының рәміздеріне нелер жатады? (Жауап: Ту, Елтаңба, Әнұран)

Қазақстан Республикасының Әнұраны неше рет ауысты? (Жауап: Екі рет)

Мемлекеттік Елтаңбада кездесетін аспан денесі? (Жауап: Жұлдыз)

Мемлекеттік Тудың ұзындығы мен енінің қатынасы қандай? (Жауап: 2х1 м.)

2-топтың сұрақтары:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері қабылданған жыл? (Жауап: 1992 ж.)

Мемлекеттік Рәміздер күні: (Жауап: 4 маусым)

Мемлекеттік Елтаңбада бейнеленген жануар? (Жауап: Қанатты пырақ)

Қазақстан Республикасының жаңа Әнұраны алғаш рет қандай жиында орындалды?

(Жауап: Ел президентін ұлықтау рәсімінде)

Жүргізуші: Егеменді еліміз жер бетіндегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, 1992 жылы 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұран бекітілді. ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданды. 9-бөлім, 98-баптан тұрады. 9-бабында ҚР мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы, Әнұранның сипаттамасы және ресми пайдалану тәртібі конституциялық заңмен бекітілген. 34-бапта әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті екені айтылады. Мемлекеттік рәміздер белгілі бір елдің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман аңсарын, басқалармен байланыс мұраттарын білдіреді.

Осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір азамат терең түсініп, оны қастерлей білу керек.

Мақтансаң мақтан елім деп,

Тани біл елдік таңбаңды.

Елтаңба, Туын, Әнұран –

Тәуелсіздікке тән белгі –

Қасиетті осы рәміздер.
Еліме рух, мән берді,
Иесі оның мына біздер, - деп тәрбие са-
ғатымызды ары қарай жалғастырамыз.

1-оқушы:

Көк жүзінде көгілдір,
Гүл жайнаған мөлдір нұр.
Қазақстан жалауы –
Азаттықтың алауы.
Желбірейді аспанда,
Отан орны асқарда.

Ендеше елтаңба жайлы, оның мағы-
насы жайлы түсінік беріп өтейікші.

2-оқушы: Мемлекеттік елтаңбаның
авторлары танымал суретшілер Жан-
дарбек Мәлібеков пен Шота Аман Уә-
лиханов. Қазақта «Шаңырағың биік,ке-
реген кең, босаған берік болсын» деген
тілек сөз бар. Елтаңба авторлары осы
сөздерді басшылыққа алған. Қазақстан
Республикасының Елтаңбасы көгілдір
түстің үстіне салынған шаңырақ бей-
несінен тұрады. Одан жан-жаққа күн
сәулесі тәрізді уықтар тарайды. Ша-
ңырақ пен уықтар біздің Отанымызда
тыныштықта жарасымды өмір сүріп
жатқан көптеген халықтардың бірлігін
көрсетеді. Қазақстан Республикасының
Елтаңбасының бір бөлігі ертедегі қанат-
ты тұлпар. Елтаңбаның жоғарғы жағын-
дағы бес бұрыш – бақытты өмірге жол
сілтейтін жарық жұлдыздың белгісі.
Төменгі жағындағы «Қазақстан» деген
жазу республиканың атын көрсетеді.
Масақ Отанымыздың байлығы іспеттес.

Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай астында қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар,
Шарықтаған таза күй.
Бұл таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.
Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,
Таратады хас үлгі
Ырымдады болса екен деп сәтті күн.
Бейбітшілік, тыныштықтың ныша-
нын,

Көк туымыз білдіріп тұр тап бүгін.

3-оқушы: Елтаңба

Көгілдір түс аясында шаңырағым ша-
рықтап,
Жүйрік пырақ қанатты тұр қанаты-
мен қалықтап.

Сәулесіндей күннің алтын уықтар
тұр шаншылып.

Қасиетті Елтаңбаға қарап тұрсақ
анықтап.

Түп төрінде жұлдызым тұр жаңа жан-
ған бағымдай.

Мәңгі бақи тұрса екен өз орнынан
алынбай.

Ортасында «Қазақстан» деген жазу
жазылған,

Шаттандырып шабыт берген жүре-
гімнің қанындай.

Шаңырақ тұр арқау болып, бар жүгің-
ді арқалап,

Шаңырағым биік болса шарықтайды
шартарап.

Елім үшін шексіз өмір, тіршіліктің
нышаны,

Қазақ елі бар әлемге үлгі болып тар-
қамақ.

Көк кілемдей желде ескен қанатты
бар пырағы,

Елтаңбада екі жаққа мойын бұрып тұ-
рады.

Желмаядай жүйрік болған, ай мүйізді
пырағым,

Сол пырақпен бейнеленген ата баба
тұрағы.

4-оқушы:

Жарық жұлдыз жарқыраған елтаңба-
ның төсінде,

Баршамызға бағдар берген айлы түннің кешінде.

Міне осындай суреттелген Елтаңбасы елімнің,

Әлі талай сақталады бүкіл әлем есінде.

Ту жайлы айтып отейік

5-оқушы: Егер де Туға тұтас зер салсаң, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғаны байқалады. Ол жер жүзінде әлемге нұрын шашқан Күн сәулесі астында қияға қанат қаққан қыран – тыныштық пен баянды өмірдің белгісі, ал ою-өрнек тудың қай елдікі екенін аңғартады.

Тудың авторы – Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков белгілі монументші-суретші. Біздің туымыз – көгілдір түсті, тік төртбұрышты мата. Ол бірлік пен аман-есендікті көрсетеді. Оның қақ ортасындағы сәулесін шашқан алтын Күн – тыныштық пен байлықтың белгісі.

Қазақ халқы сонау ерте заманнан бері қыранды киелі, қасиетті құс деп есептеген. Туда қыранның орын алуы тәуелсіздік алған Қазақстан қыран сияқты биікте болсын, қыран сияқты ғұмыры ұзақ болсын деген ойдан туған.

Тудың сабын бойлай ұлттық ою-өрнек салынған тік жолақ қазақ елінің өзіндік сипатын, танымдық бейнесін көрсетеді.

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Мереке бүгін бақ күні

Егеменді елімнің

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Желбіреді көк туы

Түсіндей боп көгімнің

«Көк тудың желбірегені» әні орындалады.

6-оқушы: Кез келген мемлекеттік

рәміздердің ең маңыздысы – Әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп, жүректің тұсына қолдарын қойып айтады. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Халық өмір салтын бүгінгі тіршілігі мен келешек армандарын, мың жылғы тарихын осы әнге сыйғызған.

Мемлекеттік Әнұран – еліміздің музыкалық поэтикалық эмблемасы, әдеби сазды құжаты. Ол халық жүрегінің лүпілін тұмар ғып түйген музыкалық сөлем хат іспеттес.

Жеңістерге қолбасыдай, ерліктердің жолдасындай

Еліміздің әнұраны жүректерде жаңғырады.

Жаршысындай даңқымыздың, жан серігі халқымыздың.

Жүргізуші: Мемлекеттік туымыздың авторы кім?

Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков. ҚР Мемлекеттік Туының авторы, Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қазақстан дизайн өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1938 жылы 12 қарашада Тараз қаласында дүниеге келген. Ленинград жоғарғы көркем өнер училищесін бітірген. Алматы қаласының бас суретшісі.

Жүргізуші: Қазақстан дейтін Отан анамыздың Елтаңбасының авторы кім?

7-оқушы: Жандарбек Мәлібекұлы. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Өзбекстанға еңбегі сіңген сәулетші. 1942 жылы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Екпінді ауылында дүниеге келген. Ташкент политехникалық институтының сәулет өнері факультетін

бітірген. Ташкент қаласындағы ғылыми зерттеу жобалау институтының қала құрылысы шеберханасының жетекшісі, жобалар жөніндегі бас сәулетшісі, қазір Астанада тұрады.

8-оқушы: Шотаман Ыдырысұлы Уәлихан.

ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторы. Қазақстанға еңбегі сіңген сәулетші, мемлекет сыйлығының иегері, белгілі қоғам қайраткері. 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Сырымбет ауылында туған. Мәскеу архитектуралық институтын бітірген. «Қазақ қала құрылысын жобалау» институтының қызметкері.

Жүргізуші: Ал Әнұранымыз қалай өмірге келді? Авторлары кім?

9-оқушы: Шәмші Қалдаяқов есімі аталғанда аузымызға бірден халқымыздың әнұранына айналған «Менің Қазақстаным» әні түседі. Иісі қазақтың көкірегінде жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп, әндерінің қай қайсысы да халықпен бірге туғандай біте қайнасып, оның бөлінбейтін бөлшегіне айналып кеткен. Халқының жүрегін осыншалықты сыршыл да кәусар саздың құдіретімен баураған ұлы сазгер есімі ұмтылмайды. Халық жүрегінде мәңгі сақталады.

Алғашқы елтаңбалар қашан пайда болған?

Алғашқы нышандарға жататын тотемдік белгілер әлемнің барлық халықтары арасында кең тараған. Негізінен жануарлар бейнесі кескінделген бұл тұмаршалар белгілі бір рулар мен тайпалардың ортақ рәмізіне айналды. Олардың қай қоғамдастыққа жататынын сол тұмаршаларға қарап ажырататын болды. Кейінірек көсемдер мен рубасыларының билік белгілері ретінде бір уыс шөп, жапырақ,

құстың қауырсын қанаты, айрықша әшекейлеп жасалған бас киім және басқа нышандар пайдаланылды. Олардың орнын найза, әшекейлі бақандар мен түрлі темір салпыншақтар басты.

Мемлекеттік рәміздерге байланысты қызықты ақпарат пен деректер

Жүргізуші: Жалпылама Қазақстан туралы білімдерінді жинақтайсындар, балалар.

1. ҚР тәуелсіздікті қай жылы алды?
2. Қазақстан – «Еуразияның кіндігі» деп неліктен аталады?
3. Жер көлемі жағынан Қазақстан нешінші орында?
4. Еліміздің жер көлемі
5. Қазақстанда қанша облыс бар?
6. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?
7. ҚР неше мемлекетпен шектеседі?
8. ҚР тұңғыш президенті кім?
9. ҚР жаңа Астанасын атаңыз
10. ҚР-ның рәміздерін атаңыз.

Қазақстанға саяхат

Қазақстанның өзендері, көлдері, облыстары, таулары, жазықтарының аттары аталады. Картадан көрсету керек.

Мұнайлы өлке (Батыс Қазақстан), Қазақтың ұсақ шоқысы (Сарыарқа), Күріш өсіретін аймақ (Қызылорда облысы), Ең ірі өзен (Ертіс), Еліміздің бас қаласы орналасқан өзен (Есіл), ең ірі тау (Тянь Шань)

Қорытынды.

Мұғалім: Отаншылық сезімі, өз еліне деген мақтаныш оның рәміздеріне деген құрметтен басталады. Сондықтан оқушылар елбасымыздың сенімін ақтайтындай азамат пен азаматша болайық дегім келеді. Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады.

Осындай халық қамын ойлаған азаматы бар қазақ елін бүгінде әлем таниды.

Құрметті оқушылар! Сендер тәуелсіз еркін елде ер жеткен ұлансыздар. Ендігі жерде еліміздің тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елімізді жоғары дамыған елдер қатарына енгізетін мына сендерсіңдер. Ол үшін сендер терең әрі жан-жақты білім алу керексіңдер, - дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады.

Жүргізуші: Туымен – тұғырлы, Елтаңбасымен – еңселі, Әнұранымен айбатты ел! Қош сау болыңыздар.

Гүлдана Тілекқызы ГАБДЕШЕВА,
«№67 жалпы білім беретін орта мектебі»
КММ-нің тарих пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Мен қаламды сүйемін

Мақсаты: Оқырмандарға Ақтөбе қаласының тарихы, географиялық ерекшелігі, мәдени орындары мен оқу орындары, ескерткіштері туралы мәліметтер беру. Ақтөбе өңіріне еңбегі сіңген әйгілі тұлғаларымен таныстыру.

Өткізілу түрі: сазды кеші

Шараның жоспары:

Кіріспе:

• **Жүргізуші Ж.Е. Акрапованың сөзі (2-3 мин);**

• **Негізгі бөлім:**

• **Ақтөбе туралы бейнебаян;**

• **Оқушылар Ақтөбеге арналған өлеңдерін оқиды;**

• **«Ақтөбе құтты мекен» кітап көрмесіне шолу;**

• **«Ақтөбе» kahoot ойыны;**

• **«Тұлғаны тап» ойыны.**

Қорытынды:

Кіріспе

жүргізуші:

Қайырлы күн! Құрметті оқырмандар!

Бүгінгі «Мен қаламды сүйемін» атты әдеби сазды кешіне қош келдіңіздер!

Барлықтарыңызға белгілі биыл жарты миллионнан астам халықтың құт мекені, туған өлкенің бас қаласы, қойыны кенге толған сүйікті қаламыз – Ақтөбеге 155 жыл толды.

Негізгі бөлім:

Ендеше осынау қаламызды жақын таныстыру үшін барлықтарыңызды саяхатқа шақырамыз. Экранға назар аударайық. Ақтөбе туралы қызықты деректер.

Ақтөбенің алғашқы атауы Илецк. Елек өзенінің жағасындағы қала. О баста 1896 жылы әскери бекініс боп тұрғызылған.

1891 жылдың 25 наурызында Ақтөбе Актюбинск болып өзгертіліп, 1999 жылға дейін қаланың орыс тіліндегі атауы жазылып келген. Қала атауы көне түркі тілінде «Ақ» және «Төбе» сөздерінен құралған. Орыс тілінде «Белый холм» мағынасын білдіргендіктен, кейде Ақ-

төбені орысша «Город на белом холме» немесе «Беловершинск» деп те атаған.

1998 жылы қала әкімшілігі жаңа елтаңбаға сайыс жариялайды. 50 жұмыстың арасынан Ақтөбелік суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Сағынтай Әлімбетовтың эскизін тандады. Таңба ресми түрде 1998 жылы 24 шілде күні бекітіледі.

Ақтөбе елтаңбасы «мәңгіліктің нышаны» болып саналатын дөңгелек пішінінде жасалған. Қала атауы «тазалық» пен «қасиеттілікті» білдіретін ақ түспен жазылған, көк түсті ою-өрнек «табиғаттағы судың мәңгілік қозғалысын», қызыл түсті ою-өрнектер қызғалдақтарды білдіреді, қызғалдақ – Ақтөбенің бейресми символы. Елтаңбаның нақ ортасында бүркіт басты, арыстан денелі, арқасында қанаты бар мақұлық (грифон) бейнеленген.

Ақтөбеде Ұлы Отан соғысы кезінде ашылған «Казхром» Ферроқорытпа зауыты мен Рельс зауыттары, Айс сүт зауыты, Рамазан нан комбинаты, Кірпіш зауыттары бар.

Ақтөбеде – Әбілхайыр ханға, Тама Есет батыр Көкіұлы кесенесі, Әлия Молдағұловаға, Бөгенбай батыр, Сәңкібай батыр, Әйтеке би, Мөңке биге, музыканттар А. Жұбанов, Ғ. Жұбановаға, Т. Ахтанов пен Н. Байғанинге арналған ескерткіштер бар. Сонымен қатар Әбдіжамал Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романының кейіпкерлеріне ескерткіштер орналасқан. Және айтылмай қалған тағы көп ескерткіштер бар.

Ақтөбе қаласындағы ең көне оқу орны – Ақтөбе гуманитарлық колледжі. Осы оқу орнында кезінде лингвистика ғылымының көш бастаушысы – Құдайберген Жұбанов дәріс берген.

Сонымен қатар біздің қаламызда екі мәрте Кеңес одағының батыры халық қаһарманы Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің әскери институты бар. Қ. Жұбанов атындағы, Сақтаған Бәйішов атындағы, Марат Оспанов атындағы Медициналық университет Орналасқан.

Ақтөбенің сұлу көркіне тәнті болмай оны жырға, әнге қоспау мүмкін емес. Ендеше Ақтөбені жырға қосқан ақындардың өлеңімен оқушыларды қарсы алайық.

1-оқушы: Ақтөбем!

Биік сенің мәртебең,
Кіндік қаным тамған жер.
Тіл тигізсем, түсер менің мәртебем.
Ақтөбеде туып өстім, жетілдім,
Отанымның гүлі болып егілдім.
Әрқашан да биік болсын есімің,
Мен өзіңнің жырың болып төгілдім.

2-оқушы:

Ақтөбем – аппақ қалам, ажарым,
Өзіңе арнап менде өлең жазамын.
Көркінменен әсем сұлу бейнеңмен,
Талайлардың аударғансың назарын.
Ақтөбем, қаласы ғой жайқалған,
Сұлулығың көрген кезде байқалған!
Ал кеткенде сенен жырақ адамдар,
Сағындырды Ақтөбе деп айта алған.

3-оқушы:

Ақтөбем!
Бір көрмесем сағыныш басылмайды,
Ақ көңілім айтарын жасырмайды.
Қыз секілді баурап алдың сұлулықпен,
Айтар болсам мақтау сөз таусылмайды.
Ақтөбем жазда жасыл шардайсың,
Қыс келгенде ақ кілемдей жайнайсың.
Әр көшенді аралаудан жалықпай,
Қызығыңа көзім тоймай шарлаймын.

4-оқушы:

Ақтөбем – ең көрікті көркем қала,
Басқалардан сен едің асыл дара.

Бұл өмірде төбе көп болғанымен,
Ішіндегі аппағы едің өзін ғана.
Ақтөбем, көркейе бер мәңгілік,
Жүре бергің талайларды таң қылып.
Гүлдене бер, өркендей бер әсем қалам,
Мен жүремін сені әрқашан ән қылып.
Ақтөбем, болмасыншы жанарың мұң,
Сағынғанда саған күнде жыр жаза-
мын.

Мен болсам жыр жазумен дәл осылай,
Ақыны боп өтермін қазағымның!!!

5-оқушы:

Туған жерім, думанды елім – Ақтө-
бем!

Егіз жүрген, берекемен бақпенен.

Туған жерім – ыстық мекен болған
соң,

Басқа қала басқа ауылды жат көрем.

Өз Отаным, өз ауылым, өз қалам,

Бәрі-бәрі маған қолын бұлғаған.

Өспесем де ортасында қаланың,

Ару қалам Ақтөбеме жыр жазам.

6-оқушы:

Алып жатыр батыс жақтың қойнауын,

Салт-дәстүрін бәрін білем тойлауын.

Ортасында тұрмасамда қаланың,

Жақын ауыл, жақын жерде жолда-
мын.

Ұланымын Ақжар атты ауылдың,

Астында өскен жауынымен дауыл-
дың.

Ортақ аспан, ортақ ауа, ортақ көл,

Сол батыстың төңірегінен табылдым.

7-оқушы:

Қандай еді ауасымен даласы,

Туған өлкем, ешкімнің жоқ таласы.

Соған берген сұқтанардай сұлулық,

Ақтөбем бұл қандай көркем қарашы.

Қалам менің 150-ге келіпті,

Берген қалам сұлулыққа ерікті.

Жыр жазамын жеткізе алсам жүрек-
тен,

Ару қалам Ақтөбем деп көрікті.

8-оқушы:

Ақтөбе әні

Мақтаныш қанат болып поэзияма,

Мен жетем қияндағы ақ тандарға.

Ақтөбем – жап-жас қала, жап-жас ұя,

Жүрегімде салынып жатқан қала.

Бұл қала сол үшін Күн, сол үшін Ай,

Мен де бір ақыны едім.

Көшелері созылған қол ұшындай,

Жаныма жақын менің.

9-оқушы:

Кем болады көктемі, неге кеші,

Ақтөбедей ақ сарай, отау үйдін.

Нүрпейістің осы біз немересі,

Осы біз інісіміз Тахауидың.

Құдіреті – кісілігі бұ халықтың,

Құдіреті – кендігі бұ алаптың.

Саусағымыз осы біз Жұбановтың,

Осы біз кетпеніміз Шығанақтың.

Бұл қала сол үшін Күн, сол үшін Ай,

Мен де бір ақыны едім.

Көшелері созылған қол ұшындай,

Жаныма жақын менің.

10-оқушы:

Ақтөбенің жылдан жылға көркі ар-
тып,

Орталықта домбыра мен ғимараттар
көз тартып.

Келген адам кетер кезде таңғалып,
Айтар мүмкін: Шетелдердің бұл қала-
дан несі артық?

Ақтөбе ол – қызғалдақтар қаласы,

Мұнда туды талай батыр, талай соғыс
баласы.

Ақтөбемді мәңгі ардақтап өтемін,
Мен туылған Ақтөбенің даласы.

Жүргізуші:

Ақтөбе, сенсің менің сайран бағым,

Кетпестей кіндігімнен байланғанмын.

Табысың, тамашаң да толып жатыр,

Баяндап тауысайын қайдан бәрін деп

келесі кезекте «Ақтөбе» кітап көрмесіне шолу жасауға рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі шарамызды қорытындылай келе кері байланыс жасау мақсатында Kahoot ойының ойнайық.

Қорытынды: Төбе емес тау тұлғалы биігімің,

Арайлы, ақ босағам, аппақ Қалам! - деп кешімізді аяқтаймыз. Көңіл бөліп

Гүлназ РАЙЫСҚЫЗЫ,

Ақтөбе қалалық

мәдениет және

тілдерді дамыту бөлімі» ММ

«Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ

№13 қалалық кітапханасының кітапханашысы.

Қарты бар үй – қазыналы үй

Мұғалім сөзі:

Қош келдіңіз ақ жаулықты аналар,

Ақыл кенін арқалаған аталар.

Алдарында жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

Аппақ шашың күн сайын қылаңдаған,

Зейнет емес бейнеттен арылмаған.

Тәңірімдей табынып өтем мәңгі,

Қариялар өзінді ел сыйлаған.

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас – көз бола білген қарттарымыздың орны ерекше. Олай болса, әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі – үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1 қазан – Қарттар күнімен құттықтай отырып «Қарты бар үй – қазыналы үй» атты кеші-

мізге қош келдіңіздер дегім келеді. Кешімізді бастамас бұрын сөз кезегін береміз.

Той деп бүгін шашу шашады,

Той деп бүгін әлем сырын ашады.

Қарттар күні мейрамына арналған,

Бишілер өнерлерін шашады.

Сыныбымыздың биші қыздарын сіздердің қошеметтеріңізбен ортамызға шақырайық!

«Қара Жорға» биі орындалады.

Қадірлі ата-әжелер, бүгінгі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Халқымызда «Бала деген бал екен» деген сөз бар. Бала, немере туралы ақын Мұзафар Әлімбаев былай дейді:

«Бала деген бал екен,

Бал дегенің бала екен.

Немеренің бойында,

Бар жақсылық бар екен.

Туған балаң жай ғана,

Демесең де жат бөтен,

Нағыз бала ойласаң.

«Немере» деген тәтті екен

«Немере» деген тәтті екен дегендей,
келесі кезекті оқушылардың ата-әжеле-
ріне деген жыр шумақтарына берелік.

Сіздерсіздер бүгінгі ұлықпандар,
Мың жасаған ұрпақпен ұлық жандар.
Қарттар – тарих, қазына, ел қазығы,
Ей, адамзат, осыны ұмытпаңдар!

«Асыл әжем» әні орындалады.

Қарттарды құрметтейтін, олардың ал-
дындағы перзенттік парызын үлкен ын-
тамен орындайтын, әдептілік, кішіпейіл-
ділік, сергек сезімталдық көрсету сынды
қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұялама-
ған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның
өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның
келешегіне сенімділігі – ол баланың ата-
анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қа-
рызын бір сәтке де есінен шығармауында.
Қарт кісіні құт-береке деп танысақ – ол
ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген
ата-ана әр кезде де бақытты.

Бейне түсірілім көрсетіледі.

Ата-әжем мақтанышым менің де,
Қонақ болып отыр менің төрімде.
Өзіңе арнап былай тәтті үніммен,
Ән салатын кезім келді менің де.

«Туған жер» әні орындалады.

Ата-апаларымызға сұрақтар беріледі?

- Сіздер қандай оқушы болдыңыздар?

- Балалық шағыңызда кім боламын
деп армандадыңыздар?

- Сіздерге алғаш әліппені ұстатып,
білім нәрімен сусындатқан алғашқы ұс-
таздарыңыз кім болып еді?

- Сіз адам бойындағы қандай қасиетті
бағалайсыз?

- Оқушылардың ата-әже туралы эссе-
леріне кезек берелік.

- Ата-бабаң ардақты,

- Жамандыққа бармапты.

- Ардақ тұтып үлкенді,

- Ата жолын жалғапты.

Ата-әжелері бата береді.

Мұғалім сөзі:

Көп жасаған қария,

Ақылы теңіз – дария.

Көп өнеге сөзі бар,

Сөзі соқпақ, сөзі нәр.

Ата салты ардақты,

Әрбір сөзі салмақты.

Сол сөздерді ұқпасаң,

Тістерсің бір күн бармақты.

Міне, балалар, біз өзіміздің ата-әже-
леріміз алдында қарыздармыз. Ол қа-
рызымызды тек жақсы тәрбие арқылы,
адамгершілігі мол, мейірімді болу арқы-
лы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп
сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз.

Қарттарымызды ардақтап өтейік!
Оларды сыйлаңдар, қадірлендер! Қария-
ларды тек қариялар күні еске алмайық,
әрқашан жадымызда жүрсін.

Өзгерген не?

Адам ба? Әлде заман ба?

Ата-анаға деген парыз қалмаған ба,
адамда,

Ей, адамдар!

Құрметтендер, үлкенді

Одан ешкім кем болған жоқ ғаламда! -
деп бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталады.

Келіп қатысқандарыңызға көп рахмет,
келесі жүздескенше сау-саламат болайық!

**Мейрамгүл ДИКАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы №145
жалпы білім беретін мектептің
бастауыш сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Оқырмандар не дейді?

«Кітаптың дүниеге келуі – шағын оқиға: ол – біреудің қолындағы зат іспеттес. Ол сол сәттен бастап қайталану деген шексіз ойынға қосылады да кетеді», - деп ең ежелгі кітапханалардың бірі орналасқан Франция елінің философы, тарихшы Поль-Мишель Фуко айтқандай, кітап – адамзат қызметінің ең өмірлік жемісі. Сол жемістің адам баласының рухани даму үрдісіне қосатын үлесі орасан зор болса, ал оны тұтынатын көпшіліктің қайтарар қарымды жауабы қандай болмақ?!

Жуырда ғана Ақтөбе қаласындағы Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының 4000-ға жуық білім алушыларына кітапханада көрсетілетін қызмет сапасымен, кітапханадағы ыңғайлылықпен қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында «Мен және кітапхана» атты гугл формада сауалнама жүргізілген болатын. Себебі біз үшін әр оқырманның пікірі, айтар ойы қашанда құнды! Ал бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз-ата-ана қауымдастығының ықпалын кеңінен қолданудың маңыздылығы қашан да жоғары.

Мәселен сауалнаманың «Кітапхана мен үшін...» деген сұрағына «Жайлы жер, білім көзі, білім нәрімен сусындайтын жер, ақпарат алу орны, сөзге баю, сөз мәнерін түсіну, бұлақ көзі, ақыл қалтасы, миды гаджеттен демалдыратын жер» деген қызықты жауаптар алынса, «Сіздің арманыңыздағы кітапхана...» деген сауалнаманың кезекті сұрағына



«Өзге елдердің әдебиетіне толық үніле алатын үлкен кітапхана, тыныш, жанға жайлы орындардың болуы, көне немесе заманауи үлгідегі таңдауы мол кітапхана» секілді жауаптар берілді. Расымен, қазіргі заманғы кітапханалар тек оқу залдары ғана емес, сонымен қатар оқу, демалу орындары, яғни коворкинг алаңы бар заманауи үлгідегі кітапхана болғандығы кез келген оқырманды қызықтырады анық екені сөзсіз.

Оның үстіне мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: «Ұлттың сапасын жақсартамыз десек, біз ел болып, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет... озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы –



кітап оқу», - деп дөп басып айтып өтті. Мемлекет басшысының осы сөздерін басшылыққа ала отырып, мектебіміздің медиа кітапхана оқу залы үздіксіз жаңа кітаптармен толығуда! Көркем әдебиеттен бастап психологиялық, мотивациялық кітаптар бар, тіпті балалар әдебиетінің санында шек жоқ! Осы тұста әлемді тану үшін түрлі саладағы кітаптарға үңіл немесе бүкіл адамзаттың ортақ құндылығы – кітап оқу десек те, артық айтқанымыз емес. Себебі әлем кең, білім шексіз...

Сұраныстағы керек ақпаратты немесе мәліметті тауып беру мүмкіншілігіне ие кітапхана қызметкерлерінің қызмет көрсету сапасы мен кітапханамызға жаңадан енгізілген «Алақан» жүйесіне оқырмандардың көзқарасын анықтау мақсатында қойылған сауалнама сұрақтарына да түрлі жауаптар алынды. Жалпы бұл жүйе арқылы картотека базаға енгізіліп, қағаз жүзіндегі оқырман картотекасын алмастырады.

Білім көкжиегі кең, сөздік қоры бай, мәдениетті, өз пікірін еркін жеткізе алатын ұрпақты тәрбиелеп шығаруымыз үшін оқырмандарды кітапханамызға үнемі жақсы кітап оқуға тартуымыз қажет. Сонда ғана ел іргесін бекем қалайтын жеке тұлға қалыптасары хақ әрі нақ!



**Гүлдана Мұратқызы ҚУАНЫШ,
Д. Қонаев атындағы жалпы
білім беретін
орта мектеп-гимназиясының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**

Кітапханашының жұмысы – тың идеялар бастауы

Мақсаты: «Қазақстан» телеарнасының бағдарламалары желісінде құрылған мерекелік бағдарлама арқылы оқушы санасына ұстазды тұлға ретінде қалыптастыру және құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұстаз туралы нақыл сөздер, сахна үстінде жүргізушілерге оқушылардың қолынан дайындалған үлкен теледидар, мерекелік слайд-шоу.

I жүргізуші: Армысыздар, құрметті телекөрермендер!

II жүргізуші: Қайырлы күн!

I жүргізуші: Біздер үшін, бүгін ерекше күн, себебі дәл бүгіннен бастап теледидардан мұғалімдерге арналған «Ұстазым менің» атты жаңа телеарна ашылуда.

II жүргізуші: Бұл күн, сонымен қатар, ұстаздар күнімен қатар келуімен ерекшеленеді.

I жүргізуші: Сондықтан да бүгінгі бағдарламалардың барлығы ұстаздарға арналады.

Бүгінгі кеште сіздермен тікелей эфирде болатын тележүргізуші: Мәлік Айжанат.

II жүргізуші:

Ұстаз деген жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген – анасы ол адамның.

Бүкіл әлем мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып таралдың.

I жүргізуші:

Ұстазыңды түсінгін сен тереңнен,

Бар әлемге еңбегімен еленген.

Сенің бағың өрге қарай өрлесе,

Ол да бірге қуанышқа кенелген.

II жүргізуші:

Сол арқылы сен де өмірді жалғадың,
Ізгі іс қой, ұстаз тілін алғаның.

Мақтау алсаң ұстаздардың алдында,
Ол өзіңнің орындалған арманың.

I жүргізуші:

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.

Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иелік мәңгілік!

I жүргізуші: Ал, қазір сіздердің назарларыңызға ауа-райы болжамын ұсынамыз!

Ауа-райы болжамы: Бүгін, 5 қазан, ұстаздардың жадыраған күлкісінің арқасында Облыстық туберкулез-санаториясы мектеп-интернатында күн ашық. Оңтүстіктен солтүстікке қарай гүл шоқтары мен самал жел есіп тұр. Түске таман оқушылардың қуанышты шапалақ ұрулары күтілуде. Күтпеген жерден ұстаздардың жылы, өткінші, қуанышты көз жастарының тамшылары болуы ықтимал. Ауа-райы болжау орталығы барлық ұстаздар мен тәрбиешілерді Ұстаздар күнімен құттықтап, әсем ән жолдайды.

«Мектебім» әні орындалады.

I жүргізуші:

Жақсы жандар жанымызда әрқашан,

Ұлағатты сөзін биік ұстаған.

Ардақты ұстаз асыл анаң секілді,

Тәрбиелейді балапандай жасыңнан.

II жүргізуші: Телеарнамыздың алғашқы бағдарламасы «Жаныңда жүр жақсы адам».

Бағдарлама жүргізушісі: Егемен еліміздің дамуы жолында аянбай еңбек еткен Бушмухамбетова Алтынай Ғав-

дуалиқызының (зейнеткер ұстаз, кештің қонағы) өмірі мен еңбек жолы ұрпаққа өнеге. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдап, шәкіртінің жанына нұр құя білген, жүздеген шәкірт тәрбиесіне үлесін қосқан Алтынай Ғавдуалиқызының жөні де, жолы да бөлек.

Бүгінгі эфирді пайдалана отырып, ұлағатты ұстазға 1-2 сұрақ қойғым келіп отыр. Құрметті Алтынай Ғавдуалиқызы!

Мектептің лүпілдеген жүрегісін,
Сен менің пірімсің, білемісің?

Болашаққа жол сілтер тірегімсің,
Шіркін-ай, мәңгі бірге жүрермісің?

Қүдіретіңе біз сенің бас иеміз,

Үмітінді ақтармыз деп сенеміз.

Атыңды көк аспанға жазбасақ та,

Есімінді мәңгі сақтап біз жүреміз.

Тұрады сөз басында әуелі анам,

Апайым екінші сіз – жыр арнасам.

Шәкірттерді білімімен сусындатар,

Арманым жоқ дәл өзіндей ұстаз болсам!

Мерекеңіз құтты болсын! Сіздің ерен еңбегіңіз үшін мына отырған шәкірттеріңіз әрдайым алғысын жаудырары сөзсіз. Ұстаздар күні сіз үшін қандай маңызды екенін білеміз, егер де сіз Елбасы болсаңыз бұл мерекені қалай атап өтуді ұйғарар едіңіз?

- Сіз директордың тәрбие ісі жөнінде орынбасары болған кезде көптеген жұмыстар орындадыңыз, әлі де орындалмай қалған қандай мақсаттарыңыз бар деп ойлайсыз?

- Бізді көріп отырған телекөрермендерге тілегіңіз?

- Бүгінгі жүрекжарды сұхбатыңызға көп-көп рахмет, осымен кезекті бағдарламамыз аяқталды, келесі аптада жүздескенше!

«Ұстазым» әні орындалады.

II жүргізуші: Телеарнамыздың келесі бағдарламасы «Сенбілік кездесу».

I жүргізуші: Олай болса, назарларыңызды экранға аударыңыздар!

«Сенбілік кездесу» бейнеролик. Оқушылардың ардагер ұстаздардың үйіне барып тосын сый жасауы көрсетіледі.

II жүргізуші: Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін «Баламен бетпе-бет» бағдарламасына кезек береміз.

«Баламен бетпе-бет» бағдарламасы (1-2 сынып оқушылары шығып, арнауларын оқиды)

1-оқушы:

Мұғалімді анамдай жақсы көрем,
Қиналамын қымбат теңеу таба алмай.
Өз баласын тастап кетіп үйіне,
Ел баласын оқытады, ой Алла-ай.

2-оқушы:

Мұғалімді жақсы көрем сезімтал,
Үлгі етемін өнегелі сөзін бал.
Мұғалімнің мұғалімін танимын,
Көкіректе көретұғын көзім бар.

3-оқушы:

Әр сабағың өтіп жатыр білінбей,
Перне басқан оркестрдің үніндей.
Әр баланың жүрегіне жол тауып,
Тұрасың сен, дирижер боп күлімдей.

4-оқушы:

Әр сабаққа кіресің сен сыйынып,
Жыр оқисың нәсер болып құйылып.
Қас-қабағың қалт жібермей шәкірттің,
Қарайсың-ау нұр жүзіне сүйсініп.

5-оқушы:

Жалын атып, от боп бірге жанасың,
Білім беріп, содан бақыт табасың.
Бар өмірің өрнектеліп баламен,
Жасарып бір мәңгі жас боп қаласың.
«Ұстаз» әні хормен орындалады.

I жүргізуші: «Ұстазым менің» телеар-

насының жарнамасы да ерекше.

II жүргізуші: Кезекті жарнамаға береміз.

(Ұстаздар өмірінен экраннан суреттер көрсетіледі)

«Шашу» биі биленеді.

I жүргізуші: Ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар.

II жүргізуші: Аналық сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар ұстаздар өкілінің қатысуымен «Сырласу» бағдарламасын ұсынамыз.

«Сырласу» бағдарламасы.

Бағдарлама жүргізушісі: Кеш жарық, құрметті телекөрермендер! Сіздермен бірге «Сырласу» бағдарламасы және мен (жүргізуші оқушының аты-жөні). Бүгін бізде қонақта өз ұжымының алдында сыйлы, оқушылардың ардақты ұстазы, өз үйінің шамшырағы, немерелерінің сүйікті әжесі Абдраимова Гүлфира Абдикаримовна. Қош келдіңіз, апай! Бізбен ашық-жарқын сұхбаттасуға шақырамыз.

Оқушылардың дайындаған флеш-мобы ұсынылады.

«Ұстазға арнау» әні орындалады.

I жүргізуші: «Ұстазым менің» ұлттық арнасы ұсынады.

II жүргізуші: Ұстаздық жобаның іріктеу кезеңі.

I жүргізуші: Тәлімгер таңдауы кімге түседі? Бұны «Қазақстан дауысы» бағдарламасынан көреміз.

«Қазақстан дауысы» бағдарламасы.

Бағдарлама жүргізушісі: Кеш жарық, құрметті көрермендер! Бүгін, иә, дәл бүгін, алғашқы рет, бағдарламамыздың алғашқы жеңімпаздары жыл бойына өзінің сүйікті ұстазын таңдап, сол ұстаздан тәлім, білім алады. Олай болса, бағдарламаға қатысатын тәлімгер-ұс-

таздармен таныс болайық.

Бағдарлама барысында тәлімгер-ұстаздар ортаға шығып көрермендерге қарап отырады. Әр тәлімгер өздерінің дайындап келген тапсырмаларын қатысушы оқушыларға ұсынады. Әр қатысушы сахна үстінде орындап, жауабын дауыстап оқиды. Қай қатысушының жауабы дұрыс болса, тәлімгер-ұстаз орындығын бұрып қарайды. Таңдаған оқушыларымен жыл бойына бірге жұмыс жасайтын түсіндіріп кетеді.

I жүргізуші:

Ұстаздардың шаршамайтын еңбегіне таң қалам,

Ұлылықпен, даналықпен өмір заңын талдаған.

Талай ғасыр құпиясын ашып келген ғаламның,

Сол арқылы сүйемін мен қасиетін даламның.

II жүргізуші:

Сол ұстаздың мерекесі елім бүгін тойлайтын,

Жаксы тілек, адал ниет ұстаз әркез ойлайтын.

Мен де қосам сол тілекке биіктерден асатын,

Бақытты боп жанұясы, Ұстаз мәңгі жасасын!

I жүргізуші: Осымен «Ұстазым менің» телеарнасы алғашқы жұмыс күнін аяқтайды.

II жүргізуші: Әрдайым бізбен бірге болыңыздар!

**Сандуғаш Жулкарнаевна
ТАУБАЕВА,**

**Облыстық туберкулез-санаториясы
мектеп-интернатының тәрбиешісі.**

**Ақтөбе қаласы,
Ақтөбе облысы.**

Кітапханшының жұмысы – тың идеялар бастауы



**Айымгүл Ұзақбайқызы СҚАҚОВА,
М. Ломоносов атындағы қалалық
орталық кітапхана редакторы.
Ақтөбе қаласы.**

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат» ұлттық құрылтайының екінші отырысында Мемлекет басшысы: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел ғана ақылды ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығын оятуымыз керек», – деп атап өтті. Қасым-Жомарт Кемелұлы сіздерге үлкен үміт артып, жас ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеп отырған кітапханалар мен кітапханашылардың жағдайына ерекше назар аударады. Бұған кәсіби мереке – өткен жылы Қазақстанда Үкіметтің қаулысымен бекітілген – Кітапханашылар күні дәлел бола алады.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Қасиетті қазынамызды сақтап, насихаттап, ұлт игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет мамандық иелері екені анық.

Республикалық кәсіби мереке ретінде 24 қазан – Кітапханашы күні болып

бекітілді. Бұл үлкен жетістік. Бұл мереке кітапханашы мамандығының мәртебесін көтеретіне сенімім мол. Мамандығымен мақтану әр маманның парызы, ал дамыту абыройлы міндет.

Осы саланың дамуына жас болса да өлшеусіз үлес қосып келе жатқан қаламыздағы М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапхана библиографы Жәлелова Назерке Абатқызы.

2017 жылы Ақтөбе жоғары гуманитарлық колледжін кітапхана ісі мамандығы бойынша, 2020 жылы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеттің кітапхана ісі мамандығын тәмамдады.

Өркениетті қоғамның басты айқындаушысының біріне айналған кітап, кітап оқу үрдісі мәдени құндылықтар қатарына енгелі қашан. Ал осының бастау – бұлағында ойлы оқырман қалыптастыру жолындағы кітапханашының еңбегін айтпай кетпеу жөн болмас

Мәдениет қызметкерлері күніне орай Құрмет грамотасы (2023). «Жас кітапханашы 2023: жаңа мүмкіндіктер уақыты» атты жастар лабораториясы сертификатымен (2023) С. Бәйшіев атында-

ғы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директорынан алғыс хатымен (2023), «Кітап бәйгесі» облыстық байқауынан 3-орын (2023), Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысынан Алғыс хатымен (2023) Қазақстанның үздік мәдениет қызметкері Республикалық байқауынан Құрмет грамотасы, төсбелгісімен (2023) «Worldskills Aqtobe – 2024» аймақтық «Кітапханашы» құзыреттілігі бойынша 3-дәрежелі дипломмен (2023), «Қазақстанның үздік мәдениет қызметкер» төсбелгісімен (2023) 12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай «Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ атынан Алғыс хатымен «Жастар қолдаушы» төсбелгісімен (2024), Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам, Адал еңбек, Адал табыс» атты бағдарламасының мақаласын мәдениет және өнер саласының мамандары арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «Мәдениет саласының мәртебелі маманы» төсбелгісімен (2024), Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Жастарды кітапханаға тарту» атты іске асырылған жобалардың ашық байқауына қатысып, алғыс хат (2024) иеленді. «Дарабоз», «KINOKesh», «Кітап. Кітапхана.Кітапханашы» жобаларының авторы.

Адам санасы, өскен дамыған заманда кітапхана кітап сақтайтын қойма деген қағида жойылды. Кітапхана мәдениет ошағы жыл өткен сайын кітапхана қоры жоғары сапада дайындалған оқырман үшін сұранысқа көптеген әдеби кітаптармен толығуда. Кітапханада коворкинг орталығы заманауи ақпараттық құрылғылармен жабдықталған, адамның бос уақытында пайдалы әрі тиімді өткізуіне негізділген, әлбетте мұндай жерлердің жастар үшін берері мол. Кітапхана – адамның жаны тыныштық, жақсылық табатын мекен.



Салт-дәстүрді білесің бе?

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүрін дәріптей отырып, елін, жерін, тілін, әдет-ғұрпын құрметтеу, адамгершілігі мол азамат қалыптастыру.

Түрі: ойын сабақ.

Барысы: I. Ұйымдастыру. Ойын шартымен таныстыру, топтарды таныстыру.

I. «Бабалар дәстүрін білесің бе?»

II. «Ата дәстүр – асыл қазына»;

III. «Құпия сандық»;

IV. «Аталар айтқан асыл сөз»;

V. «Ұлағатты ұлттық ұғымдар».

Біздің салт-дәстүріміз сонау көне заманда қалыптасқан. Күні бүгінге дейін мән-маңызын жоймаған мерекенің бірі Наурыз мейрамы. Ол дәстүр салтымыз бен ойын-сауығымыздың бәрі де тегіс қамтылатын жыр думан. Ендеше, сауығымызды бастайық. 6 «а» сыныбынан «Тұлпар» тобын, 7 «а» сыныбынан «Сұңқар» тобын, 8 «а» сыныбынан «Жалын» тобын, 8 «б» сыныбынан «Қыран» тобын ортаға шақырамыз.

Ойын 5 бөлімнен тұрады. Шарттарымен таныстыра кетейін, әр топқа сұрақ беріледі, ойлануға 1 минут. (Дұрыс жауапқа 2 ұпай)

1) «Тұлпар тобына» Қазақша жыл атауларын ретімен ата?

2) «Сұңқар» тобына Наурыз көжені қандай тағам түрлерінен жасайды?

3) «Жалын» тобына Жеті атанды ата?

4) «Қыран» тобына Жарапазан не үшін айтылады? 1-2 шумағын айт.

1-жүргізуші: Наурыз – парсы сөзі. Наурыз шығыс халықтарының қадамы, күн парағының жаңа жылы. Ол табиғат

тіршілігінде қайыра басталатын, жаңарған, қайыра түлеу, көктем мерекесі.

2-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың, наурыз шын мәнінде халықтың еңбек мерекесі. Көл-көсір қуаныш пен шалқыған шаттыққа толы келер күнге үміт арқалаған жасару мерекесі.

2-бөлім «Ата дәстүр асыл қазына» деп аталады. Ойын шарты бойынша әрбір топтан 1 оқушы шығады. 1 минут ішінде 10 сұраққа жауап береді. (Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі)

1-топқа:

Ұлыстың ұлы күні жасалатын тағам. (Наурыз көже)

Қыз ұзатылғанда киілетін бас киім? (Сәукеле)

Жылқының пірі? (Қамбар ата)

Екі ақынның өнер сайысы. (Айтыс)

Сиыр сүтінен жасалатын құрт. (Ежігей)

Түнде ұшатын құс. (Үкі)

Көшіп келгенде берілетін қонақасы? (Ерулік)

40 өтірік айтқан бала? (Тазша)

Сүйекпен ойналатын ұлттық ойын? (Ақ сүйек)

Жеті қазынананың бірі? (Ит)

2-топқа:

Ұясы жоқ құс. (Көкек)

Қазақтың ұлттық аспабы. (Қобыз)

Жылқы етінен жасалатын тағам. (Қазы-қарта, жал-жая)

Жүннен жасалған бұйым. (Текемет)

Сиырдың пірі. (Зеңгі баба)

Адасқанға бағыт беретін жұлдыз. (Темірқазық)

Мойынға салатын әшекей. (Алқа)
Нәресте туылғанда берілетін кәде. (Қалжа)

Ірімшік неден жасалады. (Сүттен)

Тәттімбеттің күйі. (Саржайлау)

3-топқа:

Жент неден жасалады? (Тарыдан)

Мұсылман дінінің пайғамбары? (Мұхаммед)

Қуаныш айғағы ретінде жасалатын кәде. (Шашу)

Ешкі малы тартылатын ұлттық ойын. (Көкпар)

Балаға берілетін енші. (Бәсіре)

Су тасуға арналған құрал. (Иінағаш)

Байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурыз қалай аталған? (Сүмбіле)

Саңылау тесіктен үйге түскен сәуленің нұрын не деген? (Ұт)

Қойдың пірі. (Шопан ата)

Түйе сүтінен жасалатын сусын? (Шұбат)

4-топқа:

Жаңа киімге берілетін жоралғы. (Байғазы)

Құрманғазының күйі. (Адай)

Көшпелі қазақтың ұлттық баспанасы. (Киіз үй)

Күйеу балаға берілетін кәде. (Төс)

Наурыз айында гүлдейтін өсімдік. (Наурыз шешек)

Жылқы малы нешеге келеді? (33)

Түйе пірі. (Ойсыл қара)

Жарыста бірнеше мәрте озып келген тұлпар. (Сәйгүлік)

Қазақ ауыз әдебиетіндегі күлдіргі кейіпкер. (Алдар)

Байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурыз айының атауы. (Хамал)

Келесі кезекті «Құпия сандыққа» берміз.

Ойын шарты: Сандықтан әрбір топ өздеріне тиісті нөмірді алып, 3 минутта көріністі мимика арқылы бір-біріне көрсетеді. Қарсыластар табу керек.

1-топқа: Бесіктегі бала жылап жатыр, анасы уатуда;

2-топқа: «Тұсау кесер» рәсімін көрсету;

3-топқа: «Мектепте оқушысы бестік алғанына қуануда»;

4-топқа: «2 бүлдіршін ойнап отырып ойыншыққа таласып қалды».

«Аталар айтқан асыл сөз». Ойынымыздың шартымен таныстыра кетейін, алдарыңызда сөздер жатыр, салт-дәстүрге, тілімізге, дінімізге байланысты кім көп мақал-мәтел біледі екен? (Әрбір дұрыс мақалға 2 ұпай)

Жүргізуші: Менің ойымша, адамға керегі көз, тіл, көңіл дер ем. Себебі, көз болмаса жарық дүниені көрер ме едің? Тілің жоқ болса ойыңды жеткізе алмайсың ғой, ал көңіл-күйің жоқ болса өмірде еш нәрсеге зауқың болмайды, сонда мен не үшін өмір сүремін деп ойлаймын.

Ендеше келесі кезекті «Ұлағатты ұлттық ұғымдар» бөліміне берейік. Ойын шарты: Топ бойынша әрбір санға киелі ұғымдар айтамыз. (Дұрыс жауапқа 5 ұпай).

1-топқа (3, 4 саны):

«Үш байлық не?» жауабы: (1-байлық – денсаулық, 2-байлық – ақ жаулық, 3-байлық – қорадағы бес саулық).

«Төрт күнә» (Аллаға күмән келтіру, нақақтан қан төгу, ата-анаға тіл тигізу, өтірік куә болу)

2-топқа (7, 3 саны):

«Жеті жұт» (құрғақшылық, өрт, оба, соғыс, топан су, зіл-зала, жұт)

«Үш көз» (Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ)

3-топқа (4, 7 саны):

«Төрт қорлық» (шақырылмаған жерге бару, бейбастақ сөйлеу, дұшпаннан жәрдем күту, сараңнан қажет сұрау)

«Жеті жетекші» (Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық. (Саққұлақ би)

4-топқа (5, 6 саны):

«Бес қару» (садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта).

Алты асқар (ақыл, білім, жомарттық, әділдік, шыншылдық, кең пейіл).

Қорытынды. Марапаттау.

**Ардақ Тұрлыханқызы ЖУКЕНОВА,
Қызылағаш орта мектебінің математика пәні мұғалімі.
Қызылағаш ауылы,
Жарма ауданы,
Абай облысы.**

«Менің атым Қожа»

Биылғы жылы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталған Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға ұсынылды. Жуырда Ақтөбе қаласындағы №5 қалалық балалар кітапханасы және №2 қалалық кітапханасымен бірлесіп, жазушы Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіне ғажайып алаңы өтті. Оқырмандардың оқуға құштарлығын ашу, кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген. Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесінің арқасында танымал болды. Бұл туынды «Детская литера-

тура» баспасында шығып, содан кейін орыс тілінен көптеген тілдерге аударылып, Франция, Польша, Чехословакия, Болгария секілді елдерде жарияланды. Тек содан кейін ғана бұл шығарма өз Отанына оралып, байырғы қазақ тілді оқырмандардың жүрегінен ойып орын алды. Шараның барысын, сұрақтарын кітапханашы Біршілік Аяжан таныстырды. Шара төрт кезеңге бөлінді. Әр кезеңде үш оқырманнан қатысты. Баян Оңғар жылдамдығымен бірінші айналымның жеңімпазы болды. Екінші және үшінші айналымда кітапхананың жанынан құрылған «Күншуақ» клубының белсенді мүшесі Бәтима Өтеміс анықталды. Бас жүлдені алған №33 қазақ орта мектебінің 7-сынып оқушысы, кітапхананың белсенді оқырманы Өтесін Бәтима жеңіске жетті. Көрермендерге №2 кітапхананың маманы Нұрсұлу Жолан тақырып төңірегінде сұрақтар қойып,

оқырмандар белсенді қатысып, жауаптарын айта білді. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев туралы көп ақпараттар беріп, кітап көрмесімен таныстырған кітапхана маманы – Раушан Жұмағұлова. Жеңіске жеткен оқырмандарды және белсенді қатысқан оқырмандарға алғыс хаттармен сыйлықтарды №2 кітапхананың меңгерушісі Венера Сәрсенбаева Нұртайқызы

табыстады. Шараға кітапхана серіктес мектеп кітапхана мамандары, ұстаздары және кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Ақтөбе қалалық балалар кітап-
ханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**



Оқушылар шығармашылығы



**Айсұлу Паткуллакызы КАРМИСОВА,
№33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 9 «А» сынып
оқушысы, №5 С.Я. Маршак атындағы қалалық балалар
кітапханасының жанынан құрылған «Күншуақ» клубының
белсенді мүшесі.
Ақтөбе қаласы.**

Әже

*Көңілімді мұңлы ойлар басқанда,
Жалау болар жан таппадым жас жанға.
Әжем менің көкке ұшып кеткелі,
Жиі-жиі қарай берем аспанға.*

*Айтпаушы еді алыс жаққа кетем деп,
(Кім ойлайды бұл өмірден өтем деп?!)
Көктен түскен жауынға да қараймын,
Ақ әжемнің көз жасы ма екен деп.*

*Әжем менің болмағасын қасымда,
Сағыныштан жерге тамды жасым да.*

*«Қызым-ау» деп бауырына басатын,
Ешкім жетпес ақ әжемдей асылға.*

*Әжемнің асыл жүзі мәңгілік,
Мына менің жүрегімнің түбінде.
Сақталасың мәңгілікке жаңғырып,
Құлағымда әже үні әлі де...*

*Асыл әжем, жан едің гой көреген,
Шаңырақты қуанышқа бөлеген.
Сіздің айтқан әрбір асыл сөзіңді,
Үлгі етіп, келеді өсіп немерең.*